# Шаруашылық субъектілер саласында тексеру жүргізуді есепке алу карточкасының N 1-П нысанын, шаруашылық субъектілерді қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерінің тіркеудің есеп беру нысанын, карточкалар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеу журналының нысанын және "Шаруашылық саласында тексеру жүргізуді есепке алу N 1-П нысанындағы статистикалық карточканы, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеудің есебін және карточкалар мен шаруашылық субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау актілерін тіркеу журналын жүргізу тәртібі туралы" нұсқауды бекіту және күшіне енгізу және N 92 29 қазан 1999 жылғы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығының күшін жою туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1375. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 28 бұйрығымен. ~V021868

Шаруашылық субъектілерді қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілер есебін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Z952709_ Заң күші бар Жарлығының 11 бабын басшылыққа ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

1. N 1-П нысанындағы шаруашылық саласында тексеру жүргізуді есепке алу карточкасы, шаруашылық субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеудің есеп беру нысаны, карточкалар мен шаруашылық субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеу журналының нысаны және "Шаруашылық саласында тексеру жүргізуді есепке алу N 1-П нысанындағы статистикалық карточканы, шаруашылық субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеудің есебін және карточкалар мен кәсіпкерлік жүргізу тәртібі туралы" нұсқау бекітілсін және

2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енсін.

2. Статистика субъектілері осы Нұсқауды бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 29 қазан 1999 жылғы N 92

V990959_

бұйрықтың күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау орнату Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.В. Константиновқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры

N 1-П нысаны бойынша шаруашылық субъектілер
саласында тексеру жүргізуді есепке алу статистикалық
карточкасын, шаруашылық субъектілерінің қызметіне
тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеуден есеп беру
нысанын және карточкалар мен кәсіпкерлік қызметіне
тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу журналын
жүргізу тәртібі туралы
НҰСҚАУ

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйегіндегі N 1286 P991286_ "Шаруашылық жүргізуші субъектілерін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" (N 1599 P001599_ 26 қазан 2000 жылғы өзгерістер мен қосымша бойынша) қаулысына сәйкес дайындалып Қазақстан Республикасының заңдарының негізінде тексеруге өкілетті мемлекеттік органдарына (әрі қарай - тексеру органдар) шаруашылық субъекттер саласында тексеру жүргізуді есепке алу N 1-П нысанындағы статистикалық карточканың, шаруашылық субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеудің есеп беру нысанын құрастыру және тапсыру және карточкалар мен кәсіпкерлік қызметіне тексеру тағайындау актілерін тіркеу журналын жүргізу бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Аталмыш қаулымен бекітілген мемлекеттік органдардың шаруашылық субъектілерді тексеру жөніндегі актілерін тіркеу Ережелеріне сәйкес актілерді

тіркеу Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика және ақпарат Орталығына (әрі қарай - тіркеу органы) жүктелсін.

3. Шаруашылық субъектілерінің қызметін тексеруге функциялар берілген мемлекеттік органдар осы статистиканың субъектілері болып табылады.

## 2. Осы Нұсқауда пайдаланылған негізгі сөздерге түсініктемелер

Нұсқау тексерулердің есебін жүргізуде пайдаланылады:

дербес кәсіпкерлік-азаматтардың және Заңды тұлғалардың немесе мемлекеттік емес Заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі (жеке кәсіпкерлік) мүліктік жауапкершілігі мен тәуекелдігі негізінде пайдалы кіріс табуға бағытталған ынталы (құлшынған) кәсібі;

шаруашылық субъектілер-коммерциялық шаруашылық қызметімен товар айналымына қатысушы Заңды және жеке тұлғалар.

Тексерудің түрлері:

Жоспарлы-бақылаушы органның алдын-ала заңда қарастырылған мерзімде үлкен және түбегейлі-жалпы жоспарланған тексеру U963036_ .

Жоспарсыз - алдын-ала түскен мәліметтер мен арыз-шағымдарға байланысты туындаған жағдайлар бойынша жедел тексеруді ұйымдастыру;

Арыз-шағымға байланысты - бақылаушы органға, субъектінің өзінен басқа, жазбаша немесе ауызша мәліметіне байланысты;

Хабарлама бойынша - бақылаушы органға мекеменің лауазымды қызметкерінен заңдылықтың бұзылуы туралы жазбаша немесе ауызша мәліметі бойынша;

Басқа - инстурктивті-нормативті актілерге байланысты бақылау органдарының басқа да тексерулері.

## 3. Тіркеу құжаттарын есепке алу, құрастыру және тапсыру тәртібі

4. Тексеру тағайындау жөнінде тексеру органы акт шығарады және 1-П нысанды шаруашылық субъекттер саласында тексеру жүргізуді есепке алу статистикалық карточкасын (әрі қарай - карточка) толтырып, оларды тексеру басталғанға дейін тіркеу органына тапсырады.

5. Тіркеу органның бөлімдері жоқ аудандар мен қалаларда актілер мен карточкаларды тіркеу осы аудандар қалалардың прокурорларына жүктеледі.

6. Карточкаға жазылатын жазулар баспалық әріптермен қысқартусыз жазылады. Карточканың жоғары оң жақ бөлігінде орналасқан сандық ақпараттық

көрсеткіштерде осы орган және ауданға тіркеу органы белгілеген кодтық нөмірлері көрсетіледі.

7. Карточканың 1 тармағында тексеруді тағайындаған ведомствоның атауы жазылады. 2 тармақта органның атауы жазылады.

8. 3 тармақта тексеру тағайындаған органның деңгейі сызылады.

9. 4 тармақта тексерілетін субъекттің атауы, мекен-жайы, тіркеу нөмірі және СТТН (РНН) көрсетіледі.

10. Бұл субъекттің орналасқан жеріне тіркеу органы аудан кодын береді, егер ауданға бөлінбесе, карточканың кодтық орны толтырылмайды.

11. 5 тармақта тексерілетін субъект басшысының тегі толық жазылады.

12. 6 тармақта - кәсіпкерлік саласы көрсетіледі.

13. 7 тармақты толтырғанда тексеру түрі сызылады, ал графоклеткаларға оның сандық көрсеткіші енгізіледі. Егерде бір акт негізінде бірнеше шаруашылық субъектілердің қызметі тексерілсе, тексеру орган тексерілген субъекттердің тізімін береді, бұл тізімді тіркеу орган тексеру тағайындау туралы актіде тіркейді.

14. 8 тармақта тексеруші органның акт нөмірі, оның тіркелу күні көрсетіледі.

15. 9 тармақта тексеру тағайындаған адамның тегі, қызметі, қолы ал 10 тармақта өткізген адамның тегі, қызметі, қолы көрсетіледі.

16. 11, 12, 13, 14 тармақтар Тіркеу органы толтырып, оларда карточканың тіркеу органға түскен күні (9 тармақ), оның журнал бойынша рет саны (10 тармақ), Тіркеу органы қызметкерінің тегі мен қызметі (11 тармақ) және басқа белгілер (12 тармақ) көрсетіледі. Тексеруді есепке алу карточкасына қосымша-талон бар жағдайда ғана тексеріс аяқталған болып есептеледі.

17. Карточка тіркеу органына түскен уақыттан есепке алынады.

18. Карточка және тексеру тағайындау туралы акт тексеру тағайындау туралы актілерді және карточканы тіркеу Журналына (бұдан былай - Журнал) енгізілуіне тиіс.

19. Журнал барлық тексеру органдарына бірыңғай үлгідегі құжат болып табылады.

20. Журналды дұрыс толтыру және сақтау тәртібін ұсынуын тіркеу органның басшысы қамтамасыз етеді.

21. Журналдың беттеріне нөмірлері қойылып, тігіліп, мөр басылып сақталуына тиіс.

22. Жазулар толық, анық, ұқыпты болу керек, түзетулер мен тазартулар

болмауға тиіс. Қате жазулар көрсетіліп жауапты адамның қолымен бекітіледі.

23. Журналдың 1 графасында карточка мен акттің рет саны, тіркеу күні көрсетіледі, рет саны санымен бірге карточкасының тіркеу саны болып есептеледі.

24. Графада тексеру тағайындаған адамның тегі, қызметі және тексеру органның аты көрсетіледі.

25. Тексерілетін субъекттің аталуы, мекен-жайы, СТТН (РНН), оның басшысының тегі 4 графада көрсетіледі.

26. 5 графа қызметтің түрін көрсетеді, анықтамаға сәйкес заңдар жиынтығында ескертілген.

27. Акттар мен карточкаларды өткізген және қабылдаған туралы мәліметтер 8, 9 графаларда көрсетіледі.

28. басқа мәліметтер 10 графада көрсетіледі.

## 4. Есеп жасаудың тәртібі

29. Аудандық (қалалық) тіркеу органы карточкалармен актілерді облыстық және оларға теңелген прокуратуралар жанындағы құқықтық есеп және ақпарат Орталықтарына (әрі қарай - Орталық) тапсырады.

30. Карточкалар негізінде Орталық N 1-П нысанды шаруашылық субъекттердің қызметін тексеру туралы актілерді тіркеу есебін (әрі қарай - есеп) жасайды.

31. Әр тексеру орган бойынша есепке әр Орталық бастығы қолын қояды және ол ай сайын өсу қорытындысымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және ақпарат Орталығына тапсырылады.

32. Есептің толық және дұрыс болуына Орталық бастығы жауапты.

33. Есеп бірыңғай нысанмен жасалады, ондағы графалардың көрсеткіштері барлық шаруашылық субъектілеріне бірдей.

34. Есептің 1 жолда тексеру тағайындау туралы актілердің саны көрсетіледі.

35. 2 жолда тексерілген шаруашылық қызметпен айналысатын субъектілердің саны көрсетіледі.

36. 3 жолда есеп мерзімінде 3 реттен артық тексерілген субъекттердің саны көрсетіледі.

37. 1-14 графалардың көрсеткіштері тексерудің түріне байланысты карточканың тармағының көрсеткіштерінен құралады.

38. Кәсіпкерлік саласында дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы арыз немесе хабарламаның тіркеуімен есептелуі қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларына сәйкес жүргізіледі.

### 5. Есеп беру мерзімдері

39. Есеп осы Нұсқауда белгіленген мерзімде тапсырылады. Есептің, түскен күні болып ол БП жанындағы ҚС және АО-на түскен күні саналады.

40. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы ҚС және АО-на облыстық (оларға теңестірілген) прокуратураларының жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталықтары есептерін есепті мерзім өткеннен кейінгі 7 жұлдызына дейін тапсырады.

41. ҚР Бас прокуратурасының жанындағы ҚС және АО республика бойынша жиынтық есепті өткен есепті мерзімнен кейін 10 жұлдызына дейін тапсырады.

### Карточкалар мен шаруашылық субъектілерінің қызметіне тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеу журналы

```
-------------------------------------------------------------------
NN ретті!Тексеру   !Тексеруді !Тексерілетін!Қызметтің!Тексерудің!Тексеру!
тексеру !тағайында.!жүргізетін!субъекттің  !  түрі   !   түрі   !мерзі. !
туралы  !ған адам. !адамның   !аталуы,     !         !          !мін    !
акті мен!ның тегі, !тегі,     !мекен-жайы, !         !          !ұзарту !
карточ. !лауазымы, !лауазымы, !СТТН (РНН), !         !          !жөнін. !
каны    !тексеру ор!тексеру ор!басшысының  !         !          !де бел.!
тіркеу  !ганның    !ганның    !  тегі      !         !          !гі     !
күні    ! аталуы   ! аталуы   !            !         !          !(уақыт)!
-------------------------------------------------------------------!
   1    !    2     !    3     !     4      !    5    !    6     !   7   !
-------------------------------------------------------------------
```

таблицаның жалғасы

```
---------------------------------
Актті тіркеу!Актті және!Басқа     !
және карточ.!карточканы!мәліметтер!
каны тапсыру!қабылдаған!          !
уақыты, құ. !тіркеу ор.!          !
жаттарды тап!ганның қыз!          !
сырған тұлға!меткерінің!          !
ның қолы    !қолы, қа. !          !
            !былдаған  !          !
            !уақыты    !          !
---------------------------------
```

8 ! 9 ! 10 !
---------------------------------

Қазақстан Республикасы
Бас прокурорының
2000 жылғы 29 желтоқсандағы
N 67 бұйрығымен бекітілген

Шаруашылық субъектілер саласындағы тексерулерді
есепке алу карточкасы

1-П нысаны

-----------------------------------------------------------------

1. ____________________________________________ 01 //// ////////
тексеруді тағайындаған ведомствоның аталуы
(анықтама бойынша)

2. ____________________________________________ 02 //
тексеруді тағайындаған органның аталуы
(анықтама бойынша)

3. Республикалық (1), облыстық (2), қалалық (3), 03 /// /// ///
аудандық (4) (керектісін сызу қажет) күні айы жылы

-----------------------------------------------------------------

4. тексерілетін субъекттің аталуы ___________
4.1. Мекен-жайы (аудан, қалашық, көше. үй, пәтер)

_____________________________________________

----------------------------------------------- 04 ////

4.2. Кіші кәсіпкерлік саласы (сызу қажет - ия, жоқ) ///////////
4.3. Әділет органдарындағы тіркелу нөмірі /////////////

_____________________________________________

4.4. СТТН (РНН)

_____________________________________________

5. Тексерілетін субъект басшысының тегі _____ 06 ////

_____________________________________________

6. Кәсіпкерлік саласы 07 //

-----------------------------------------------

7. Тексерудің түрі: жоспарлы (1), жоспарсыз (2),
қарсы тексеру (3), арыз бойынша (4), хабарлама
бойынша (5), басқа (6)

8. Тексеруші органының акт нөмірі, оның тіркелу 09 /////////
күні_____________________________________ күні айы жылы

9. Тексеру тағайындаған адамның тегі, қызметі, 10 ////
қолы

___________________________________________

___________________________________________

10. Тексеру өткізген адамның (дың) тегі, қызметі, қолы

___________________________________________

___________________________________________

ҚСжА (Д)О қызметкерлерімен толтырылады 11 /////////
күні айы жылы

11. Карточканың ҚСжА (Д)О-ға түскен
күні "__"____________ 2001 ж.

12. ҚСжА (Д)О журналы бойынша тіркеу саны ________

13. Карточканы қабылдаған Тіркеу органының
қызметкерінің тегі, қызметі, қолы ____________

--------------------------------------------------

14. Басқа белгілері ______________________

--------------------------------------------------

Кәсіпкерлік саласындағы

тексерулерін есепке алу
карточкасына қосымша
Қазақстан Республикасының
Бас прокурорының
2000 жылғы 29 желтоқсандағы
N 67 бұйрығымен бекітілген

Шаруашылық субъектілер саласындағы тексерулерді

есепке алу карточкасына қосымша-талон
1-П нысаны

1. ___________________________________________________________ 01 ////
Тексеруді тағайындаған ведомствоның аталуы (анықтама бойынша)

2. ________________________________________________________ 02 ////
Тексеруді тағайындаған органның аталуы (анықтама бойынша)

3. Республикалық (1), облыстық (2), қалалық (3), аудандық (4) 03 ///
4. Талонның ҚСжА (Д)О-ға түскен күні "__"____ ж. 04 /////////
күні айы жылы

5. Тексеру уақыты "__"____ ж. "__"____ ж. 05 /////////
күні айы жылы
6. Қадағалаушы органының журнал бойынша
күні және тіркелу нөмірі 06 /////////
күні айы жылы
7. Тіркелу нөмірі ______________________ 07 /////////
күні айы жылы

8. СТТН (РНН) ___________________________
9. Бұзылушылықтың ______________________ 09 /////////
сипаттамасы күні айы жылы
_____________________________________
_____________________________________
10. Тексерудің қорытындысы ____________ 10 //
_____________________________________
_____________________________________
11. Тексеру өткізген адамның (дың) қызметі, аты-жөні,
қолы, қызметтік телефонның нөмірі

____________________________________________________________
(қызметі және шені)
"__"____ 2000 ж.

12. Тіркеуді өткізген адамның қызметі, аты-жөні,
қолы, қызметтік телефонның нөмірі

___________________________________________________________

(қызметі және шені)

"__"____ 2000 ж.

Ескерту: толтырылғаннан кейін талон ресми құжаты болып табылады, оған қол қойғандар жалған мәліметтер енгізгені үшін заң тәртібінде жауапкершілікке тартылады.

Сақталу мерзімі 2 жыл.

N 1-П Нысаны

| | | Барлығы | Оның ішінде кіші кәсіп. керлік. тің са. ласында | Жоспарлы | Оның ішінде кіші кәсіп. керлік. тің са. ласында | Жоспардан тыс | Оның ішінде кіші кәсіп. керлік. тің са. ласында |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Тексерулерді тағайындау туралы актілердің саны | 1 | | | | | | |
| Тексерілген субъектілердің саны | 2 | | | | | | |
| Есеп мерзімде 3 реттен артық тексерілген | 3 | | | | | | |

субъекттердің
  саны

---

таблицаның жалғасы

---

Қарсы Оның Арыз Оның Хабар. Оның Басқа Оның
тексеру ішінде бой. ішінде лама ішінде ішінде
кіші ынша кіші бойын. кіші кіші
кәсіп. кәсіп. ша кәсіп. кәсіп.
керлік. керлік. керлік. керлік.
тің са. тің са. тің са. тің са.
ласында ласында ласында ласында

---

7 8 9 10 11 12 13 14

---

Тексерулерді 1
тағайындау
  туралы
актілердің
  саны

---

Тексерілген 2
субъектілердің
  саны

---

Есеп мерзімде 3
3 реттен артық
тексерілген
субъекттердің
  саны

---

Мамандар:
Омарбекова А.Т.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК